

ТҰЛҒА

Қос экс-ректордың мерейтойы



Алпыс жылдық тарихы бар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар аз емес. Соның ішінде әр жылдары университет ректоры болып қызмет атқарған азаматтар да абыройлы еңбек етті. 2024 жылдың ақпан айында Жәңгір хан университетінің тарихында айқын қолтаңбалары қалған қос ректордың туған күні екен.

Білім ордасын 1989-2000 жылдары басқарған Сергей Жұбаевтың (1939-2010) туғанына биыл – 85 жыл. Өзі Ресейдің Астрахань облысында дүниеге келгенімен, педагогикалық және ғылыми қызметі Батыс Қазақстанда басталған Сергей Шұғайұлы бұрынғы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында ассистенттен бастап қызмет атқарған. Ал ректорлық тізгінді

2002-2014 жылдары Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректоры болған Қазыбай Бозымов ақпан айында мерейлі 75 жасқа толып отыр. Осы университеттен түлеп ұшып, еңбек жолы да осы қара шаңырақта өрілген Қазыбай Қараұлы ассистент, аспирант, жеке мал шаруашылығы кафедрасының доценті, зооинженерлік факультеттің деканы, бірінші проректор, ректор лауазымдарын атқарған. Етті мал және жылқы өсіру саласының ғалым-селекционері ретінде ғылыми ізденістерімен танылған ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Қ.Бозымов көптеген ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің, мақалалардың, монографиялардың, ұсынымдар мен нұсқаулықтардың авторы. Қоғам қайраткері ретінде де есімі танымал азамат бірнеше мәрте облыстық мәслихат депутаттығына сайланған. Игі істерімен құрмет-қошеметке бөленген ғалым-ұстаз – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің, «Құрмет» орденінің, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері.



ді 11 жыл бойы ұстаған техника ғылымдарының кандидаты, профессор С.Жұбаев оқу орнының тарихы мен даму жолында айрықша із қалдырған.

Елеулі еңбегі ескерусіз қалмай, «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері», төсбелгілерімен, «Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағымен марапатталған. Сонымен қатар батыс өңірде жоғары білімнің қалыптасуы мен дамуына, жоғары кәсіби мамандарды өндіріс орындары мен ұйымдарға дайындауға қосқан үлесі үшін «Орал қаласының құрметті азаматы» атағы берілген.

Білікті маман, іскер басшы, ғалым-ұстаз болған қос азамат туралы әріптестерінің естеліктерін газетіміздің 2-бетінен оқисыздар.

ҒЫЛЫМ

Тритикале: бұл не және оны қалай қолданады?

Басқа дәстүрлі дақылдардан айырмашылығы, тритикале деген ерекше атауы бар ауылшаруашылық дақылдың бәрі біле бермейді. Тритикале бидай мен қара бидайдың будандары және жемдік астықтың негізгі түрлерінің бірі болып табылады.

Бұл дәнді дақыл суыққа және аурулар мен зиянкестерге төзімді келеді. Ерекше атауы бар азықтық дақылдың тағамдық құндылығы, экономикалық артықшылықтары мен пайдасы зор.

Тритикаленің қасиеттері

Жаңа тритикале ауылшаруашылығы дақылдарын өндіріске енгізудің өңірдегі астық пен мал азығы өндірісін тұрақтандыруда маңызы зор. Тритикале дәнді дақылдардың патшайымы күздік бидаймен салыстырғанда, ауа райының күйзелісіне, топырақ пен өсу жағдайларына төзімді және вирустық және саңырауқұлақ ауруларына іс жүзінде сезімтал еместігімен ерекше назар аудартады. Өнімділігі мен тағамдық құндылығы бидайдан бірнеше есе жоғары. Бірақ, тритикаленің негізгі мақсаты – мал азығына өте ыңғайлы жемдік астық. Бидай, қара бидай, арпа, сұлы, жүгері



сияқты дәстүрлі дәнді дақылдар мындаған жылдар бұрын эволюциялық селекция нәтижесінде қалыптасқан, ал тритикале бірнеше онжылдықтар бойы өмір сүрді, оны адамдар бидай (тритикум) және қара бидай (секале) хромосомаларын біріктіру арқылы жасаған, сондықтан Тритикале деп аталады.

Тритикале дақылдың бірқатар артықшылықтары бар:

- бидай, қара бидай және арпамен

салыстырғанда өнімділігі жоғары;

- қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімді (суыққа және құрғақшылыққа);

- көптеген ауруларға төзімді, пестицидтермен өңделмейді, нәтижесінде экологиялық таза өнімдер пайда болады, олар одан әрі тамақ өнімдеріне өңделеді.

- кез келген топырақта, тіпті қышқыл және құнарлылығы төмен жерлерде өсіру мүмкіндігі мол;

- астық пен оны өңдеу өнімдерінің жоғары биологиялық құндылығымен сипатталады;

- астық өндірісінің экономикалық тиімділігі басқа дәнді дақылдармен салыстырғанда біршама жоғары.

Бұл дақыл дәнді дақылдар, жемшөп және азық-түлік сынды көптеген салаларда қолданылады. Тритикале ұны бидай немесе қара бидай ұнынан екі есе пайдалы. Оның құрамында маңызды амин қышқылдары және көп мөлшерде қаныққан, моно және полиқаньқапаған майлар бар. Буданды алғаш рет XIX ғасырдың аяғында ағылшын биологтары, кейін неміс селекционерлері шығарды. Әлемде тритикале алып жатқан егіс көлемі – 5,5 млн. га, оның ішінде Еуропа елдерінде – 3,6 млн. га астам. Коммерциялық мақсаттағы еуропалық тритикале алқабының үштен бірі – Польшада. Сондай-ақ Белоруссияда (540 мың га), Германияда (шамамен 400 мың га), Францияда (шамамен 400 мың га), Ресейде (270 мың га), Украинада (115 мың га) айтарлықтай аумақтарды алып жатыр.

(Жалғасы 4-бетте)

Естеліктер



2-36.

Тритикале



1-46.

Ветеринария



4-6.

Бүгінгі нөмірде:

Болмысы биік жан еді...

Сергей Жұбаев 1972 жылы сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетінің деканы болып жұмыс істеп жүргенде, мен осы факультетке оқуға түскен едім.

Ол кезде атамаш факультет – батыс өңіріндегі жалғыз техникалық жоғарғы оқу орыны болғандықтан, «Мехфаққа» түсуге конкурста бір орынға – он адам таласатын. Ал мен әскерден келгендердің қатарында болып оқуға түсіп кеттім. Кейін оқу барысында Сергей Шұғайұлымен студенттердің үлгерімі мен тәртіп мәселелеріне байланысты бірталай кездесулер ұйымдастырылды. Кейбір сәттер әлі күнге есімде қалып қойыпты.

Үшінші курстан бастап мен «поток старостасы» болып сайландым. Студенттер мен факультет басшылығы арасында қызмет атқардым. Әрине, жастар болғандықтан, студенттер түрлі отырыстарға баратын. Мұндай көңілді жиындардың соңы жастардың тәртібіне де зиянын тигізетін. Жоғары оқу орыны болған соң, тәртібі нашар студенттерді оқудан шығару жөнінде мәселелер қозғалады. Олардың



арасында курстас, жолдас жігіттер менен көмек күтетін еді. Осындайда тез топ жиналысын өткізіп, болған оқиғаны талқылап, кінәлілердің түсініктемесі мен уәдесін алып, өтініш хат жазып, бірнеше рет Сергей Шұғайұлының алдына барғанмын. Соңынан ол кісі мені деканатқа шақырып алып, мұндай «жанашырлықты» доғаруымды ескертті. Сөйтіп мен де бұл әрекетімнен тыйылдым.

Оқу бітіргеннен кейін Сергей Жұбаев мені өзі басқаратын кафедраға жұмысқа шақырды. Бірақ менің дипломдық жұмысам машиналар жөндеу тақырыбына арналғандықтан, «Машина-трактор паркін жөндеу мен пайдалану» кафедрасында қалдым. Ол кезде Сергей Шұғайұлы факультет деканы және «Мал фермаларын механикаландыру» кафедрасының меңгерушісі лауазымдарын қоса

атқаратын. Бүгінде ойлап отырсам, сол кезде университетте қызмет еткен менің оқытушыларым бізге кәдімгі алып тұлғалардай көрінетін. Олар: Андрей Иванович Иванов, Василий Андреевич Исав, Анатолий Пантелеевич Кожевников, Владимир Семенович Громов, Владимир Николаевич Мелехов, Үміт Бисенқызы Қобыланова, Қайролла Сағынайұлы Сағынаев, Қайыр Құрақұлы Бектұрғанов және тағы басқалары. Солардың ішінде Сергей Жұбаевтың факультет пен институт ұжымы арасындағы беделі өте жоғары болды. Сондықтан біздің Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына кезекті ректор тағайындау кезінде ол кісінің кандидатурасына ешкім күмәнданған жоқ.

Кейін Сергей Шұғайұлы – ректор, Қазыбай Қараұлы оқу жұмысының проректоры қызметтерін атқарып жүргенде, мен «Механизация» факультетінің деканы Ахмет Жакеевич Мурзағалиевтің орынбасары ретінде бірлесе көптеген жұмыстарды атқаруға өз үлесімді қосқан едім.

Алтынбек ДАВЛЕТҒАЛОВ,
«Машина жасау» жоғары мектебінің доценти

Мемлекет деңгейіндегі азамат

Биыл университетіміз үшін танымал тұлға, кафедра меңгерушіміз, деканымыз, проректорымыз, ректорымыз болған Сергей Жұбаев 85 жасқа толар еді деген хабарды естігенде, өзге жердегі әріптестерімізге хабарлай бастадым.

Міне, соған кезіндегі Агрономия факультетінің түлегі, соңынан деканы болған, қазір Астанада тұратын экономика ғылымдарының докторы, профессор Х.Қ.Кусаинов «Да, он был человеком государственного масштаба» деп хабарлама жолдады. Міне осыған орай, тек тамаша басшы-ұйымдастырушы емес, сонымен бірге ауыл ұлдарының әкесіндей қамқоршы болған Сергей Шұғайұлының әкелік сәттерін баян етпекпін.

1972 жылы әскерден оралып, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетіне келгенде, факультет деканы Ұлы Отан соғысының ардагері П.И.Кульпин болатын. Ал кафедра меңгерушісі болып Саратов ауыл шаруашылығын механикаландыру институтының түлегі, техника ғылымдарының кандидаты С.Ш.Жұбаев келген еді. Ол көп кешікпей 1-2 жылдан кейін факультет деканы болып тағайындалды.

2-курста оқып жүрген кезімізде қалаға жұмыс бабымен әкем келді де, жазғы практикаға ауылға сұрап алу үшін деканымыз С.Жұбаевқа кірді. Ол кісі ереже бойынша жазғы практикаға студенттер қатаң ережемен бөлінетінін түсіндіріп, мені көрші совхозға жазғы егін жинау науқанына жіберді. Сонда «Сибиряк» СКД-5 деген комбайнмен қызмет атқарып, сол егін басында есепші болып жүрген оралдық студентпен, қазіргі балаларымның анасымен жолығуға себепші болды. Деканымыздың ниетінің түзулігінен бүгінде ұл-қызым өсіп, ғылым кандидаттары, PhD, магистрлер еңбек етуде, немере-жиендер өруде.



Ал мен 4-курста оқып жүргенде бұрынғы Орда ауданына деканымыз кәсіптік бағдар (профориентация) беру жұмыстарымен барған екен. Сол күні әкеме совхоз директоры шақырып жатыр деп оның хатшысы келеді. Әкем өзі зейнетте болғандықтан: «менде не шаруасы бар?» деп үйден шыға қоймайды. Хатшы екінші рет келіп, декан келгенін айтқанда әкем: «Тағы да институттан шығарып жіберіп жатыр ма?» деп, құлап-сүрініп жетеді. Сөйтсе, Сергей Шұғайұлы «Балаңызды институтқа жұмысқа алып қалайық деп едік, қарсы болмайсыз ба?» деп, шаруасын жеткізеді. Ол уақытта институт оқытушылары түгілі, студент дегеніміз – қол жеткізбейтіндей қамал болатын.

Осылайша ұстаздық ғылыми жолым басталып, әлі күнге жалғасын табуда. 80-ші жылдары факультетте техника саласы бағытындағы диссертация қорғайтын ғылыми-диссертациялық кеңестің қажет екенін айтып, Ленинград,


Саратов, Орынбор, Самара қаласындағы ғылымдармен байланысып, факультетте диссертациялық кеңес ашылып, төрағасына мені тағайындады.

Сонымен қатар Сергей Шұғайұлы қатал талап қоя білетін көреген жетекші де бола білді. Өңірімізде энергетиктердің тапшылығын сезінген 90-жылдары «Энергетика» мамандығының лицензиясын алып келу туралы талап қойғасын сол мамандықты ашып, 1999 жылы алғашқы кафедра меңгерушісі етіп тағайындады. Содан бері жыл сайын ең көп талапкерлерді қабылдайтын мамандықтар қатарында болдық.

Осындай ізгі істерімен есімізде қалған ағамыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын! Сергей Шұғайұлының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Ермек АЙТАЛИЕВ,
техника ғылымдарының докторы,
«Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің профессоры

Студент қаламынан



Гүлсезім ЖАНАЙДАРОВА,
Агротехнологиялық институтының
1-курс студенті

Ұстаз

Қадірлі ғой асыл жан Ұстаз деген,
Бар мейірімін төгетін жан-тәнімен.
Өзге деп жат көрмейтін әр баланы,
8-ші кереметке теңер ем мен оларды.

Туғанындай көретін әрбір кезде,
Басыңнан сипайтұғын жылы сөзбен.
Құшағын жайып тұрар күлімсіреп,
Көре қалса алыстан «балам ғой» деп,

Кім сені ұстазыңдай қолдар еді,
Жаманыңды жасырып қорғар еді.
Керек десен сен үшін отқа түсіп,
Жақсылығын аямай баураар еді.

Өз отбасын ұмытып пенделікпен,
Бар назары студентке ауып кеткен.
Ұл-қызы үшін естімеген кейбір сөзді,
Алдындағы шәкірті үшін естіп көнген.

Ұлы ұстаздың алдынан,
Талай өткен батырлар,
Талай өткен ақындар,
Өткен тіпті ғалымын,
Адамдар өткен танымал.
Өтер енді болашақ,
Тыңда сөзің құлақ сап.
Сонда ғана жетесің,
Арманыңа шын асқақ.

Сүйіп істер жұмысын,
Таппайтұғын бір тыным.
Ұстаздан артық жан бар ма,
Шәкірттен табар жылуын!

Қымбатты курстас, қадірлі әріптес

1971 жылдың тамыз айының соңғы күндері 75 абитуриент сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының зоотехникалық факультетінің студенті атандық. Алғашқы студенттік жиналыстан соң бәріміз «Орал ет комбинатында» өндірістік практикадан өттік. Қазыбай Бозымов – сол жетпіс бес студенттің жетекшісі, қазіргі тілмен айтқанда «лидеріміз» болған еді.

Қазыбай Қараұлы сол көшбасшылық қасиеттерінен әлі жазбай келеді. Оның өзі, сөзі, түр-тұлғасы, жүріс-тұрысы, әскерде қалыптасқан командирлік үні өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Үлкен де, кіші де оның сөзіне құлақ асатын, берген нұсқаулары мен тапсырмаларын бұлжытпай орындайтын. Ол жасынан жолдас-жораларынан жақсылығын аямайтын, досқа адал, кішіге қамқорлықпен, үлкенге құрметпен қарайтын. Қазекен тек курстастарымен ғана емес, ұстаздармен де жақсы қатынаста болды. Курс студенттері мен институт ұстаздарының арасындағы көптеген проблемаларды оңай шешетін. Курс старостасы, комсомолдық ұйымның белсенді жетекшісі ретінде Қазекеннің жолдамамен Англияда болуы – ол заманда үлкен жетістік еді. Курстастарының ерекше қабілеттерін елден бұрын байқап, түрлі спорттық үйірмелерге, «Тұлпар» ұлттық аспаптар оркестріне, студенттік құрылыс отрядтарына қатынасуына ықпалын тигізді. Қазекеннің кеңесімен мен де «Гренада-



73» және «Гренада-74» студенттік қрылыс отрядтарының құрамында Агрономия факультетінің және университеттің студенттік асханасының ғимараттарын салуға атсалысқанмын. Ал Қырғызстанның Ош қаласындағы әскери жиында болғанымызда старшина Қ.Бозымов мотоатқыштар ротасының командирі болған.

Жас ғалым аграрлық жоғары білім беру саласына белсенді араласты, сүбелі үлес қосты, дамытты, жетілдірді, үнемі ізденісте, өсуде

болды. Жұмысшы, студент, ассистент, аспирант, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, доцент, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, проректор, I проректор, ректор, ҚР жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, кандидаттық және докторлық диссертациялар кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты, БҚАТУ-дың құрметті ректоры, ректордың

кеңесшісі, университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы, басқа да лауазымдары мен қызметтері – Қазыбай Қараұлының еңбек жолын елеулі етіп, әріптестері мен шәкірттерінің алдында абырой алып берген белестері.

Қазыбай Қараұлы етті ірі қара шаруашылығы саласының ғылыми мектебін қалыптастырды. Ғалым-ұстаздың мектебінің құрамында және оның жетекшілігімен ондаған ғылыми жобалардың орындаушысы болдым, серіктес болып бірге 50 мақала, екі монография жаздық, селекциялық жетістіктер үшін бес авторлық кәсіпкер мен бес патент алдық. Бұл – біз үшін ғылым саласындағы жемісті, жеңісті жылдар болды. Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, тәжірбелі тәлімгер, әрекетшіл әдіскер, жоғарғы білім беру саласының қажырлы шебер ұйымдастырушысы, мемлекетшіл ірі тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, еліміздің ғылымын дамытуға елеулі үлес қосқан, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық университетінің құрметті ректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Қазыбай Қараұлы мерейлі 75 жасымен құттықтаймын. Ел-жұртыңа бергеніңнен берерің көп болсын!

Болатқали ТҰЛЕБАЕВ,
а.ш.ғ. кандидаты, доцент,
«Зоотехния» мамандығының
академиялық профессоры,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,

Биік шыңға өрлеген өз ісінің майталманы

«...Білгені, көргені көп адам білімді болады» деген бар. Бұл мақалада қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 2002-2014 жылдары басқарып, бүгінде 75-тің қиясына өрлеген ғылым-білім саласының майталманы, қоғам қайраткері, а.ш.ғ. докторы, академик Қазыбай Бозымовтың өнегелі істері зерделенді.

Жасөспірім Қазыбай Бозымов 1964 жылы білім нәрінен сусындау үшін Орал қаласына келген екен. Еңбек жолы бұрынғы Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтымен байланысты ғалым-ұстаз көптеген лауазымдық жұмыстарды абыроймен атқарды. Оралға келіп, жұмыс жасай жүріп, жұмысшы жастардың кешкі мектебінде оқиды. Кейін Кеңес әскері қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтын «зоотехния» мамандығы бойынша үздік бітірген. Ғылым жолына бет бұрған Қазыбай Қараұлы өзінің ғылыми мектебін құрып, биік шыңға өрлеген тұлға. Ол осы оқу орнында өзінің ерік-жігерінің, алған білімінің, ана сүтінен дарыған қабілетінің арқасында Зооветеринарлық факультетінің деканы, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының партия комитетінің хатшысы, оқу жөніндегі проректоры, кейін Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың бірінші проректоры болып еселе еңбек етті. 2002-2014 жылдары Жәңгір хан университетінің ректоры болған іскер азамат университетті Қазақстанның жоғары оқу орындарының алғашқы қатарына жеткізді. Ал өзі жоғары оқу орнының оқыту технологиясын және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырушы майталман атанды.

Мен Қазыбай Қараұлының 1997 жылдан бастап танымын. Зооветеринарлық факультетінің жас ұстазымен іргеміз жарасқан жақсы көрші болдық. Қазекеннің екі қанаты болған Айгүл мен Мая қыздары көз алдымызда өсті. Отанасы Райса Упеевна – қонақжай, өз азаматын төрге сүйрейтін, ақжарқын жан. Жұмыс бабында Қазыбай Қараұлының білікті басшы, жан-жақты азамат ретінде Жәңгір хан университетінің бірінші проректоры кезінен білемін. Бұл кісінің тікелей қол астында жұмыс істегеніме қуаныштымын. Оның басқаруымен көптеген үлкен жұмыстар атқарылды. Қазыбай Қараұлымен бірге жұмыс жасау жеңіл әрі ыңғайлы. Себебі ол жұмысты тапсыра отырып, одан әрі орындауға көмектесіп, жағдай жасайтын. 1997 жылы университетте «Мехфакта» қосымша «Агротехсервис» мамандығы ашылып, осы факультетті студенттермен толықтыруда қиындықтар туындады. Сол жылы Қазыбай Қараұлының ұсынысымен ректор Сергей Жұбаев мені «Агротехсервис» кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындады. Сонымен қатар ерекше жағдай жасалып, аталған мамандыққа 89 студент қабылданып, «Мехфактін» жағдайы түзелді. Позитивті, креативті жұмыстарды алдын ала 4-5 адым

бұрын ойлайтын ректор Қ.Бозымовтың ең маңызды жұмысының бірден бірі – Батыс Қазақстан аграрлық университетін Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне айналдыруы. «Мұнай және газ», содан кейін «Машина жасау» факультеттерін ашуға шешім қабылдап, оқу корпусын салдырды. Себебі, еліміз тәуелсіздікті алғаннан кейін көп сала бойынша инженерлік кадрлар жетіспейтін еді. Аталған факультеттердің ыңғайлы оқу бағдарламалары, оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдарының болмауына байланысты және кадрлар даярлау мақсатында үлкен делегацияны (декандарды, осы салалардың мамандарын) Самараның мемлекеттік техникалық университетіне ректор өзі бастап барды. Бірақ жоғарыда көрсетілген мәселелердің кейбірі олармен шешілмеді. Осы себептен Қазыбай Қараұлы біздерге бұл жұмыстарды Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық және Саратов мемлекеттік техникалық университеттерімен бірлесіп шешуге тапсырма беріп, жан-жақты көмек көрсетті. Аталған және басқа да университеттермен 20-ның үстінде келісімшарттар жасалып, мәселелер шешімін тауып, кадрлар даярланып, зертханалар жасакталып, «Машина жасау» факультеті дамыды. Сол жылдары техникалық факультеттерге студенттер көп қабылданып, университетте оқитын студенттердің саны 2005 жылы 9500-ден асты, инфроқұрылымдар салынып, инженерлік жүйелер жаңартылды.

Әр салада жұмыс істеген Қазыбай Қараұлының көрген-түйгені көп, әрі техника жағынан да түсінігі мол басшы. Ол – университеттің қазандықтарын салдырып, орталық жеке қазандықтан бөліп, жылына 32 млн. теңге үнемдеген менеджер.

«Әлемдегі терең сыр, ғылыммен ғана ашылмақ» дегендей, талантты тұлға Қазыбай Қараұлы Ғылыми-зерттеу орталығының корпусын салдырып, оны заманауи қондырғылармен және аспаптармен жабдықтап, биология саласы бойынша ұжымды ғылыми-зерттеу жұмысына тартты. Корпустың жетекшісі аквакультура бағытына, соның ішінде бекіретәрізді балықтардың шабақтарын өсіруге арналған. Сол кезде тағайындалған аталмыш орталықтың директоры Нұрлан Серғалиев әріптестерімен бірге іздену арқылы бекіретәріздес балықтардың шабақтарын өсіру және суды тазарту технологиясын жетілдірді. Осы зерттеулердің арқасында аквакультура корпусы жасакталып, балықтардың аналығынан уылдырық алынып, уылдырықты және балық етін консервілеу цехы салынды.

Құрметті Қазыбай Қараұлы! Сізді 75-тің сеңгіріне келген мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, ұзақ баянды өмір, отбасыңызға амандық тілеймін.

Майдан БРАЛИЕВ,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің ардагері

Жас мамандарды даярлаудағы басшылық және педагогикалық шеберлік

Ауылшаруашылығы саласындағы елеулі ғылыми жетістіктерімен қатар жас кадрларды даярлауға үлкен көңіл бөлген көрнекті ғалым Қазыбай Бозымовтың белсенді педагогикалық қызметі – Қазақстандағы мал шаруашылығы саласын дамытуға қосқан сүбелі үлесінің көрінісі деп айтуға болады.

Профессор өзінің басшылық мансабын қарапайым оқытушы кезеңнен бастағаннан-ақ жастарды ғылым жолына тәрбиелеудің маңыздылығын ерте түсінгені сөзсіз. Ол өзінің білімі мен тәжірибесін жас ұрпаққа беру үшін көп еңбек етті, университетімізде 2000-2014 жылдар аралығында 10-нан астам докторлық, 50-ден астам кандидаттық диссертация қорғалды. Сонымен қатар Қазыбай Қараұлы студенттермен және аспиранттармен жұмыс жасай отырып, білім беру процесіне де белсенді қатысты. Оның дәрістері – білімнің қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар болашақ мансабын ауыл шаруашылығымен және мал шаруашылығымен байланыстырғысы келетіндерге ерекше шабыт берді.

Қазыбай Қараұлы студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми жетекшілігіне ерекше назар аударды. Оның жетекшілігімен жеті кандидаттық және бір докторлық диссертация қорғалды. Бұл оның ғылыми беделін танытып қана қоймайды, сонымен қатар жас зерттеушілерді ғылыми жаңалықтар жолына шабыттандыру және бағыттау қабілетін көрсетеді. Олармен өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, жеке ғылыми қызығушылықтарының дамуына түрткі болды. Ғалым-ұстаз оқытудың инновациялық әдістерін енгізді, студенттердің бастамасын үнемі қолдап және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға жағдай жасады.

Оның оқулықтар, монографиялар мен ғылыми мақалалар жазу саласындағы еңбектері – студенттер үшін пайдалы ақпарат жиынтығы ғана емес, олардың ғылыми зерттеулерінің ресурсына айналды. «Жануарлар анатомиясы практикумы», «Жылқы және түйе шаруашылығы» сияқты кітаптар – оқу бағдарламаларының ажырамас бөлігіне айналып, жастардың ғылымды үйренуге деген ынтасын ашуға септігін тигізді.

Қазыбай Қараұлы оқу бағдарламаларын қалыптастырып, қазіргі заманғы фермалар мен ғылыми-зерттеу орталықтарында далалық зерттеулер мен тағылымдамалар ұйымдастырып, студенттердің практикалық тәжірибесіне жағдай жасады. Осылайша, оның басшылығымен жас мамандар теориялық біліммен шектеліп қалмай, сондай-ақ кәсіби ортаға сәтті ену үшін қажетті практикалық дағдыны игерді.

Білікті ғалым жас кадрларды даярлауда өшпес із қалдырды деп сеніммен айтуға болады. Оның ғылымға деген құштарлығы, жазылған ғылыми жұмыстары, білім беру процесіне назар аударуы Қазыбай Қараұлының ғалым және профессор ғана емес, мал шаруашылығы саласындағы ғалымдар мен мамандардың келесі буынын қалыптастыратын ұлы тәлімгер етті.

Профессор Қазыбай Қараұлының мерей жасында деніне саулық, отбасына аманшылық тілей отырып, ғалымның ғылыми мұралары әлі талай мал шаруашылығы саласындағы мамандардың жолын ашып, осы бағыттағы ғылыми еңбектерінің толығы беретініне сенімдіміз.

Айгүл ҚАЗАМБАЕВА,
Техникалық даму орталығының директоры

(Басы 1-бетте)

Біздің еліміздегі тиімділігі

Қазақстанда 2018 жылы тритикале 1628 га аумақты алып жатты, бұл осы дақылға ауыл шаруашылығы өндірісі тарапынан қызығушылықтың артқанын растайды. Астықтың бұл түрінің Қазақстанда кең таралмаған жергілікті сорттарын жасау жұмыстары 2015-2017 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жоба аясында жүргізілді. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғалымдары мемлекеттік сынақтардан сәтті өткен және 2020 жылдан бастап Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында өсіруге рұқсат етілген жаздық тритикаленің «Дәурен» атты жаңа сортын шығарды. Солтүстік Қазақстан өндірушілері оған ең алдымен мал азықтық дақыл ретінде қызығушылық танытты. Жаздық тритикалені шырынды жем дайындауда, жем өнеркәсібінде, астық тегістеу технологиясында қолдануға болады. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 2009-2011 және 2018-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылған жоба аясында жергілікті тритикале сорттарын жасау

жұмыстары жүргізілді. Зерттеулерге қарағанда, құрама жемге құрамындағы аминқышқылдары бидайдан кем түспейтін тритикале дәндерін 30-40%-ға дейін қосуға болады. Қазіргі уақытта тритикале негізінен жем және мал азықтық дақыл ретінде пайдаланылады, алайда тамақ өнеркәсібінде қолдануға арналған сорттар саны артып келеді. Тритикале нан пісіру, кондитерлік, спирт өнеркәсібінде, сонымен қатар сыра мен квас өндірісінде қолданылады. Айта кету керек, тритикале дәнінің сапасы сорттың ерекшеліктеріне аса тәуелді. Бұл – потенциалы мен тағамдық құндылығы жоғары дақыл. Тамақ өнеркәсібінің әртүрлі салаларына арналған қазіргі заманғы тритикале сорттарын пайдалану астық шикізатының үлесімен өндірілетін өнім ассортиментін айтарлықтай кеңейтуге және жаңа азық-түлік өнімдерін жасауға ықпал етеді. Күздік бидайдан нан пісіру сапасы төмен астық өндіретін жерлерде астыққа пайдаланылатын тритикале алқаптарын кеңейту де – экономикалық жағынан да тиімді. Тритикале сорттарының сапасыз алғы дақылдарының өзі бидай сорттарына қарағанда әрқашан жоғары өнім беретінін айта кету керек. Астық сапасының технологиялық көрсеткіштеріне келетін болсақ, тритикале геномы бидай және қара бидай хромосомаларынан тұратынын,

ал қара бидай хромосомаларының болуы тритикале ұнынан дайындалатын нанның көлемін азайтатынын атап өткен жөн. Бұл бағыттағы зерттеулеріміз тритикале нанының көлемі жағынан бидай нанынан төмен, бірақ қара бидай нанынан асып түсетінін көрсетті. Дегенмен, тағамдық құндылығы жағынан бидайдан да, қара бидайдан да асып түседі.

Қызықты ақпарат

Көптеген елдерде бидай ұнынан нан пісіргенде тритикале ұнын да қосады. 30-50% болуы керек бұл қоспа бидай нанының сіңімділігін және тағамдық құндылығын арттырады. Тритикале ұны клейковинаның спецификалық қасиеттеріне байланысты кондитерлік өнеркәсіп үшін тамаша шикізат болып табылады, бұл бидай ұнынан жоғары сапалы кондитерлік өнімдерді пісіруге мүмкіндік береді. Тритикале ұнынан жасалған өнімдер бидай ұнынан жасалған өнімдерге қарағанда баяу бұзылады және аминқышқылдарының құрамы қолайлы. Тритикале ұнының бұл жағымды қасиеттері, әрине, өндірушілерді де, қасиеткерлерді де қызықтыруы керек. Таза тритикале ұнының химиялық құрамы, сонымен қатар биохимиялық және технологиялық қасиеттері ұннан жасалған кондитерлік өнімдердің жеке-

леген түрлерін өндіруде қолдануға нақты мүмкіндіктерге ие.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, басқа ұнмен араластырылған тритикале наны ең жақсы сапа көрсеткіштеріне ие және дайын өнімнің тұрақты жоғары сапасына кепілдік береді. Тритикале ұнынан жасалған нан қою және сұйық ашытқыларды пайдалана отырып дайындалады. Қамыр 50:50 қатынасында тритикале ұны мен бірінші сұрыпты бидай ұнын араластырып, ашытқысыз әдіспен дайындалады, нәтижесінде өте жақсы сапалы нан алынады. Нан жасау үшін күшті сорттардың дәндерінен бидай ұнымен араластырылған тритикале ұнын пайдалану қажеттілігін айғақтайтын бірнеше зерттеулер жүргізілді. 50:50 және 70:30 қатынасында бидай мен тритикале ұнының қоспасы айтарлықтай тиімді болып шықты. Ашытқысыз әдіспен пісірілген тритикале-бидай нанының ұлғайған көлемі, тамаша дәмі мен хош иісті қасиеттері, сыртқы түрі және үгіндісінің түсі болды.

Диамара ТУЛЕГЕНОВА,
**«Өсімдік өнімдерін өндіру технологи-
ясы» жоғары мектебінің доценті,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының
кандидаты**

Ветеринария – основа безопасности в защите человечества

«Врач лечит человека, а ветеринарный врач оберегает человечество» эту ставшую крылатой фразу много лет назад сказал основоположник полевой ветеринарной хирургии Сергей Степанович Евсеев о тех, кто выбрал профессию, стоящую на страже здоровья братьев наших меньших, а значит, всех нас. Ветеринар – одна из самых благородных и гуманных специальностей, в которой случайных людей не бывает.

Ветеринарная безопасность, равно как и продовольственная безопасность, наиважнейшая составляющая агропродовольственной политики современного государства, которая напрямую отражается на качестве жизни и здоровья населения. Деятельность ветеринарного специалиста не ограничивается только лечением домашних и сельскохозяйственных животных. Многие из них занимаются ветеринарно-санитарной экспертизой продуктов животного и растительного происхождения и даже «чистой наукой», исследуя новые болезни и создавая против них вакцины и сыворотки.



Актуальной данная тема будет всегда, так как она связана с сохранением здоровья населения, а главными из причин появления болезней являются болезни бездомных животных, малоэффективная утилизация биологических отходов и недоброкачественные продукты. В последнее время почти в 2 раза выросло число случаев заболевания людей сибирской язвой в Казахстане. Выявлены случаи падежа скота от эмкара. Ежегодно регистрируются случаи заболевания людей бруцеллезом. Ветеринарная безопасность представляет собой своевременную диагностику и профилактику инфекционных, инвазионных заболеваний, ветеринарно-санитарный контроль качества продукции, контроль качества утилизации. Руководствуясь этими основными задачами современной ветеринарии, мы предотвращаем возникновения вспышек и роста заболеваемости среди домашних, сельскохозяйственных и бездомных животных. Другой немаловажной задачей ветеринарного специалиста является постоянный контроль качества продукции животного, растительного происхождения. В обязанности специ-

алистов входит проведение ветеринарно-санитарной экспертизы всех поступающих на продажу продуктов: мясо, жир и субпродукты сельскохозяйственных животных и птиц, мясо и жир диких промысловых животных, тушки пернатой дичи, мясные изделия, молоко и кисломолочные продукты, рыба и другие гидробионты, пищевые яйца и яичные продукты, мед и другие продукты пчеловодства, свежие и консервированные растительные продукты и т.д. Ветеринарные специалисты лаборатории рынка несут профессиональную ответственность за своевременность и правильность проведения ветеринарно-санитарной экспертизы, за реализацию продуктов в недоброкачественном состоянии и опасных в эпидемиологическом и эпизоотологическом отношении. Например, по данным анализа материалов Департамента санитарно-эпидемиологического контроля по ЗКО показывает, что описторхоз среди населения области регистрируется по настоящее время. Так, за последние 4,5 года по ЗКО заболело описторхозом 433 чел.

Еда играет важнейшую роль в нашей жизни, с ней мы получаем полезные витамины, набираемся сил и получаем запас энергии, и именно от ее качества зависит наше здоровье. Каждый день мы употребляем продукты, о качестве и составе которых даже не знаем. Многие из нас, приходя в магазин, полагаются только на свои глаза и оценивают товар только по внешнему виду, ориентируются на яркую и правильно подобранную маркетологами упаковку. И лишь малая часть покупателей обращает внимание на состав, указанный на этикетке. Но даже указанные на этикетке компоненты не всегда соответствуют содержанию продуктов. Поэтому ветеринарный специалист обязан контролировать продукты, находящиеся в свободной реализации. Основное в его работе – предупредить возможность заражения людей через продукты, полученные от больных животных. Ветеринарно-санитарный эксперт как государственный



контролер обязан допускать в пищу только доброкачественные продукты. Утилизация отходов является залогом благополучного санитарно-эпидемиологического состояния населения. Биологические отходы обладают высокой токсичностью. Процесс гниения биологических материалов сопровождается образованием большого количества микробов, которые служат источником инфекционных заболеваний. К тому же при смешении с другими видами отходов образуются опасные соединения. Экологическая безопасность в работе ветеринарного специалиста обеспечивает безопасность окружающей среды, сохранение здоровья человека. Современные методы контроля качества продукции животного происхождения, систематическая вакцинация животных, контроль утилизации отходов ветеринарных учреждений – все эти факторы поддерживают экологическое состояние окружающей среды на высоком уровне.

Бакытканым КАДРАЛИЕВА,
**к.с/х.н., ст.преподаватель высшей
школы «Ветеринарной и биологической
безопасности»**

Меншік есі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

**БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА**

**Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 576 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru